

**Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
міндетті сақтандыру туралы 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 513-II
Қазақстан Республикасының Заңы**
(2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

- 1-тарау. Жалпы ережелер (1 - 4 баптар)**
2-тарау. Туроператордың және турагенттің (5 - 7 баптар)
*жауапкершілігін міндетті сақтандыру
жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету*
3-тарау. Туроператордың және турагенттің (8 - 13 баптар)
жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты
4-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы (14 - 16 баптар)
5-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемі (17 - 20 баптар)
6-тарау. Қорытынды ережелер (21 - 22 баптар)

Осы Заң туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

2008.04.07 № 57- IV ҚР Заңымен 1- бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 2) турагент - лицензияның негізінде туристік өнімді ұсыну мен сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) туроператор - өзінің туристік өнімін қалыптастыру, ұсыну және турагенттер мен туристерге сату жөніндегі қызметпен айналысу құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензия алған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлға;
- 4) туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - туроператордың және турагенттің туристік қызметтер көрсету кезінде туристерге келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген міндеті;
- 5) сақтандыру жағдайы - басталуына орай туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 6) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 7) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушыға (пайда алушыға) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтандырушыға сақтанушының төлеуі міндетті ақша сомасы;
- 8) сақтандыру төлемі - сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 9) сақтандырушы - сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт

жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті сақтандыру ұйымы;

10) сақтанушы - сақтандырушымен туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан туроператор немесе турагент;

11) франшиза - сақтандырушыны белгілі мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2-бап. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты және негізгі міндеттері

1. Туроператордың және турагенттің туристік қызмет көрсетуді жүзеге асыруы кезінде туристердің мүліктік және (немесе) өзге де мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты болып табылады.

2. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі міндеттері:

1) туристің мүліктік немесе өзге де мүдделерін қорғауды осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен қамтамасыз ету;

2) туроператордың турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған кезде туроператордың және турагенттің өз қызметін жүзеге асыруы;

3) туроператордың және турагенттің туристік қызмет көрсету қауіпсіздігін арттырудағы экономикалық мүдделілігі болып табылады.

4-бап. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың объектісі

Туроператордың және турагенттің туристік өнімді сату жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде туристің мүліктік және (немесе) өзге де мүдделеріне келтірілген зиянды олардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі (бұдан әрі - туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) болып табылады.

2-тарау. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету

5-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

2006.10.01. № 116-III ҚР Заңымен (2006.01.01. бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) ; 2008.04.07 № 57- IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Осы Заңның туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу міндеттілігіне қатысты бөлігіндегі талаптарын туроператор

мен турагенттің орындауын мемлекеттік бақылау және осы талапты бұзған туроператор мен турагентке шаралар қолдану туристік қызметке лицензия берген органға оның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүктеледі.

2. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 3 тармақпен толықтырылды ; 2008.04.07 № 57- IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 3-тармақ өзгертілді

3. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды туроператордың және (немесе) турагенттің туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуын растайтын құжаттарды сұрату жолымен туристік қызметке лицензия берген орган жүзеге асырады. Туроператордың және (немесе) турагенттің сұратылған құжаттарды отыз күн ішінде бермеуі лицензияның қолданысын тоқтата тұруға негіз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жататын тұлғалар

1. Туристік қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын туроператор мен турагенттің жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

2. Туроператор мен турагенттің кәсіби қызметін жүзеге асыруға байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасуы оларды туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

7-бап. Туроператор мен турагенттің қызметті туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруына жол бермеу

Туроператор мен турагент туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай туристік қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

2007.07.05. № 244-III ҚР Заңымен 7-1-баппен толықтырылды

7-1-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін Қазақстан Республикасының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын құру және оның қызметі туралы заңында айқындалған тәртіппен көрсетілген Қордың қатысушысы болуға міндетті.

2. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық қаржылық есептілікті жариялау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісінде көзделген көлемде және мерзімдерде жыл сайын өзінің қаржылық есептілігін жариялап отыруға міндетті.

3. Сақтандырушылар туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру тәуекелдері, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері жөніндегі ақпараттық деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымды құруға қатысуға құқылы.

3-тарау. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

8-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың шарты және оны жасасу тәртібі

1. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес пайда алушының пайдасына туристік қызмет көрсету кезінде мүліктік және (немесе) өзге де мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін сақтандырушы мен сақтанушының арасында жасалған келісім болып табылады.

2. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

3. Сақтандырушы сақтанушыға туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

4. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңның талаптарын ескере отырып жасалған сақтандыру шартының негізінде, туристің моральдық зиянды және ала алмаған пайданың өтеміне байланысты талаптарын қоспағанда, пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

5. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша түрде жасалады.

Сақтанушының өтініші туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, ол дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

6. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады.

7. Егер туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылушының) және жәбірленушінің алдында осы Заңда белгіленген талаптар бойынша міндетті болады.

9-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

1. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде, егер туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарымен өзгеше көзделмесе, - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты ол күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтандырушылық

қорғаудың қолданылу кезеңі туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

3. Туристік маршруттар (турлар) өтетін аумақ туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу аумағы болып табылады.

10-бап. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы мына жағдайларда:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырғанда тоқтатылады.

11-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Егер туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату оның талаптарын сақтандырушының орындамау кінәсінен туындаса, соңғысы сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтарады. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мән-жайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданыста болған уақытқа бара-бар бір бөлігін алуға құқығы бар.

12-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының:

1) сақтандырушыдан туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптары мен тәртібін, туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда, оның телқұжатын алуға;

3) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін бағалау нәтижелерімен танысуға;

4) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

5) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) тиісті лицензиясы бар сақтандырушымен туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

2) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бес жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей сақтандырушыға бұл туралы хабарлауға (ауызша, жазбаша) міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен жазбаша расталуға тиіс. Егер сақтанушының дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

4) сақтандыру жағдайы басталғанда сақтанушының келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын сақтандыру жағдайы келтірген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мән-жайды анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды сақтандырушыға беруге;

5) сақтандыру жағдайының залалдарын азайту үшін шаралар қолдануға;

6) туристің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін сақтандырушыға мүмкіндік беруге, бұл орайда сақтандыру жағдайы келтірген залалдарды дәлелдеу сақтанушының мойнында болады;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

8) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді табыс етуге міндетті.

3. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

13-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушы:

1) туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және туроператор мен турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтерді талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

3) сақтанушының туристік қызметтер көрсетуге байланысты міндеттерді өзі орындауы нәтижесінде келтірген зиянды өтеу туралы туристердің талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;

4) осы Заңның **19-бабында** көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;

5) осы Заңның **20-бабында** көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушы:

1) сақтанушыны міндетті сақтандырудың талаптарымен және тәртібімен таныстыруға, оның туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру полисін беруге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып, сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға табыс етуге;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттармен сақтандыру төлемін жүргізуге;

5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6) сақтанушыға (сақтандырылушыға) оның сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге міндетті.

3. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігінің міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

4-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы

14-бап. Сақтандыру сомасының мөлшері

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен айқындалады және ол:

- 1) туроператор үшін - шарт жасасу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің төрт мыңнан кем емес және он мыңнан аспайтын мөлшерінде;
- 2) турагент үшін - шарт жасасу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің екі мыңнан кем емес және бес мыңнан аспайтын мөлшерінде болады.

15-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және ол:

- 1) туроператор үшін - шартта белгіленген сақтандыру сомасының 1 процентінен кем емес және 2 процентінен аспайтын мөлшерінде;
- 2) турагент үшін - шартта белгіленген сақтандыру сомасының 1,5 процентінен кем емес және 2 процентінен аспайтын мөлшерінде болады.

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері

1. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.

2. Егер туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасының уақтылы төленбегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексінде](#) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемі

17-бап. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

1. Сақтанушының туристке туристік қызметтер көрсету кезінде оның мүліктік және (немесе) өзге де мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген, не туристің зиянды өтеу туралы талаптарын сақтанушы негізді деп мойындаған және сақтандырушы сақтанушының талаптарды мойындауымен келіскен кезден бастап басталған деп есептеледі.

3. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін осы Заңның [8-бабы 4-тармағының](#) ережелерін ескере отырып, туристің талабының сомасына немесе келтірілген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешіміне сүйеніп айқындайды.

4. Сақтанушының залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, тіпті егер тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін, егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерінде өтеледі.

5. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір пайда алушы бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

Пайда алушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшиза қолданылмай жүзеге асырылады.

18-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі

1. Сақтанушы не турист сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып қояды.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:

1) сақтандыру полисі;

2) туристің зиянды өтеу туралы сақтанушы мойындаған талабы немесе туристік қызметтер көрсету кезінде сақтанушының келтірген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің көшірмесі;

3) пайда алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе пайда алушының өкілі - заңды тұлғаға берілген сенімхат;

4) сақтанушы мен туристің арасында жасалған туристік қызметтер көрсету шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

5) залалдарды болғызбау және азайту жөнінде шаралар қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар;

6) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және пайда алушыға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге, табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

5. Сақтанушы туристік қызметтер көрсетуге байланысты зиян келтірген турист, ал турист қаза тапқан жағдайда - оның мұрагерлері пайда алушы болып табылады.

Сондай-ақ сақтанушы немесе туристке (оның құқықтық мирасқорына) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеген және сақтандырушыдан өз шығындарын өтетуге құқық алған өзге тұлға да пайда алушы бола алады.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы дауласқан жағдайларда, сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім ішінде, аталған тұлғалардың бірде-бірі дауласпаған бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру төлемінің даулы бөлігін сақтандырушы соттың бітімгершілік туралы келісімі немесе, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

8. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

9. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

19-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің шегінде сақтанушыға мынадай жағдайларда:

1) сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) сақтанушы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерді жасаған;

3) сақтанушы сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған;

4) сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған;

5) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқан, сондай-ақ талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартқан жағдайда кері талап қоюға құқығы бар.

2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде, сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға сақтанушы қоятын кері талап қою құқығы өтеді.

20-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) туристің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің;

2) туристің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқығы бар.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін:

1) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

3) еңсерілмейтін күш жағдайлары;

4) сақтанушы осы Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса берілетін құжаттарды толық көлемде бермеуі негіздеме бола алады.

3. Сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыға хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы туралы уақтылы білгені дәлелденбесе не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне ықпал ете алмаса, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер бар кезде, осы Заңның 18-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесі келтірілген сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

5. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

6-тарау. Қорытынды ережелер

21-бап. Дауларды қарау тәртібі

Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

22-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев